



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Ілкімді істердің бастауы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында «Миндет – 3 жыл ішінде АӨК-дегі өңделген өнімнің үлесін 70%-ға арттыру» қажеттілігін баса айтқан болатын. Осы мәселені жүзеге асыру үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске қосылды. Ауыл шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыру, кооперативтер құру және олардың жұмысын жетілдіру мақсатында Бұқар жырау ауданында «Ең алдымен – адамдар, өңірдің дамуы мен тұрақтылығы» форумы өтті. Оған 29 ауылдық округтің әкімдері қатысып, ауыл тұрғындарының әлауқатын арттыру мақсатында пікір алмасты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Форумға облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов, Аманат партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин, «Сарыарқа» ӘКК басқарма төрағасының орынбасары Еркінбек Абдыханов, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облыстық филиалының директоры Серікжан Байбосынов қатысты.

Форумда ең бірінші көтерілген мәселе – «Ауыл аманаты» бағдарлама аясында төмен пайызбен берілетін шағын несиенің жайы. Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын сөз басында осы мәселеге кеңінен тоқталды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы – Президенттің бастамасымен қолға алынған, ауыл тұрғындары қолдауға бағытталған ең маңызды, ең ауқымды және сүбелі жобалардың бірі. Бұл теңдессіз қолдау ауыл тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік деп айтуға болады. Бағдарламаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының әлауқатын арттыру. «Ауыл аманаты» аясында жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2,5% болатын шағын несие беріледі. Бұл ауқымды жұмысты әрі қарай жалғастырумыз керек,



Сурет облыс әкімінің сайтынан

өйткені, ауылды дамыту – біздің басты стратегиялық міндетіміз, – деді.

Ауданда аталған бағдарламаны іске асыру шеңберінде өткен жылы 2,5% сыйақы мөлшерлемесімен шағын несие алуға 150 өтінім келіп түскен. Нәтижесінде 566,3 млн теңге көлемінде 74 несие берілген. Берілген несиелердің 79,7%-ы – мал шаруашылығы саласына тиесілі. Биыл да осы бағдарлама аясында несие беру мәселесі жалғасады. Қазірдің өзінде өткен жылғы өтінімдерден жалпы сомасы 130,8 млн теңге көлемінде 13 жоба қаржыландырылған. Тағы бір айта кететін дүние, биыл толыққанды қамту мақсатында ауданда қарасты 29 округте несие қаражатын алуға скрининг жүргізілді. Нәтижесінде, жалпы сома 785,3 млн теңгеге 108 шаруа қожалық иелері анықталған. Берілетін несиенің орташа сомасы – 7,3 млн теңге.

– Сонымен қатар, ауыл шаруашылық өндірісті кооперативне жалпы сомасы 207,6 миллион теңгені құрайтын 10 несие

берілді. 2023-2024 жылдары берілген несиелерге талдау жұмыстарын жүргізсек, несиенің 80%-ы – мал шаруашылығына бөлінді. Осыған байланысты біз аталған бағдарламаға қатысқан барлық шаруа қожалық иелерімен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Нәтижесінде шикізатты өңдеп, дайын өнімдерді шығару жұмыстары жүзеге асырылуда. Қарағанды және Батыс Қазақстан облысының жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, аталған бағдарлама аясында жана тоғыз жобаны іске асыру жоспарда бар, – деді аудан әкімінің орынбасары Арман Дардаков.

Екінші мәселе – ауылдық сервистік-өндірістік кооперативтер құру. Яғни, ауыл тұрғындарына жеке қосалқы шаруашылықтармен және мал борлақылау кешендерімен бірлесіп, ауылдық сервистік-өндірістік кооперативтер құру. Бұл бастама ауыл тұрғындарының меншігіндегі малды бір жерде шоғырландыру арқылы оны бірге өсіруге мүмкіндік

бермек. Осы бастама аясында тұқымды асылдандыру, рационалды азықтандыру, ветеринарлық қызмет көрсету, өндіріс тиімділігін арттырудың басқа да заманауи әдістерді қолдануға мүмкіндік болады. Әрі еттен бөлек, терілерден де табыс табудың жолдары, шикізатты өндіру мәселесі ортаға салынды. Белағаш ауылының әкімі Амангелді Купенов өз сөзінде:

– Батыс Қазақстан облысының тәжірибесін зерделей келе, әлеуетті қарыз алушылармен бірлесіп, сүтті өңдеу және дайын өнімдерді аудан және облыс орталықтарындағы сауда орындарына сату үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы шешім қабылданды. Сүт сатуға 20 жылдан астам тәжірибесі бар, Белағаш және Аюлы ауылындағы жеке шаруашылықтар Теміртау қаласындағы «Рен Милк» өңдеу зауытына тұрақты түрде сүт сатумен айналысады. Соңғы жылдары Белағаш ауылдық округінің тұрғындары мен шаруа қожалықтары тапсырған сүт мөлшері



2023 жылы 335 тонна болса, 2024 жылы 400 тоннаны құраған. Сүт тапсырушылар тұрақты табыс алады, – деді.

Былыттан бастап Президенттің бастамасымен Бұқар жырау ауданында тауарлық несие беру қолға алынған еді. Бұл дегеніміз – қаражат емес, тауар түрінде берілетін несие. Яғни, шаруа қожалықтары бар азаматтар ауыл тұрғындарына өз малынан бөліп беру арқылы, келісімге келеді. Ал, тауарды қайтару әр тарап бойынша жеке-жеке келісіледі. Форумда осы мәселе де назардан тыс қалмады.

– Жақында облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы ірі кәсіпорындармен келісімге қол қойып, ауыл шаруашылығындағы тауар өндіретін кәсіпкерлерге серпін берген болатын. Біздің аудан Qarmet АҚ-мен меморандумға қол қойдық, алдағы уақытта ауданымыздың ауыл шаруашылық тауарлары комбинатты қамтамасыз ететін болады. Биыл да осындай ірі компаниялармен меморандумға қол қоятын боламыз. Бұл – ең алдымен, билік тарапынан жасалып жатқан үлкен көмек. Сонымен қатар, ауданымызда жобалық кеңсе құрылып, «Ауыл аманаты» бағдарламасымен жүйелі түрде айналысу мақсатында аудан әкімінің штаттан тыс кеңесшісі тағайындалды. Бұл – ауданымыздың ауыл шаруашылығын дамыту мен ауылдық аумақтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында маңызды қадам. Жаңа кеңесші бағдарламаны жүзеге асырудың сапалы әрі уақытылы іске асуына жауапты болып, ауылдық жерлердегі өзекті мәселелерді шешуде белсенді рөл атқаратын болады – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Деректерге сүйенсек, Бұқар жырау ауданында мал шаруашылығын дамытуға 48,6 миллион теңге сомасында СПК «Шопбай» мен СПК «Сарыарқа» шаруашылығына несие берілген. Одан бөлек, техника мен жабдықтарды сатып алуға 159 миллион теңгені құрайтын 8 несие, жеке қосалқы шаруашылықтарды қолдау мақсатында 358,8 миллион теңге сомасында 64 шағын несие берілген.

• РЕСМИ

Kaspi.kz жеткізіп береді

Әділет министрлігі осы жылдан бастап, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, «Kaspi Bank» АҚ постаматтары арқылы азаматтарға туу туралы куәлікті жеткізу бойынша қанатқатты жобаны іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл ХҚКО-ға бармай-ақ туу туралы куәлік алуға мүмкіндік береді.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, АХАТ органдары берген электронды құжаттар бойынша – туу, қайтыс болу, неке кію және некені бұзу туралы куәліктер мен анықтамалар бойынша электрондық апостильді қолдануды дамыту жоспарлануда. Жаңа өзгерістер азаматтарға аталған құжаттарды алуға және оларға бір өтінім шеңберінде апостиль қоюға мүмкіндік береді. Бұл қызмет биылғы жылдың төртінші тоқсанында іске қосылатын болады.

Сондай-ақ, заң көмегін көрсету саласында Әділет министрлігі 2025 жылы Атқарушылық жазба жасау жөніндегі пилоттық жобаны іске қосады.

Бұл бастамалар мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейін арттыруға, бюрократиялық рәсімдерді қысқартуға және азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталмақ.

Әлемдік бренд бізде өндіріледі

Silk Road Electronics және Samsung Electronics компаниялары Қазақстанда теледидар өндіру туралы келісімге қол қойды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Келісім премиум серияларды қоса алғанда, Samsung теледидарларының өзекті желісін шығаруды көздейді. Жаңа өндірістік желі Қарағанды облысының Саран қаласындағы Silk Road Electronics кәсіпорнының аясында орналасады. Яғни, болашақта Қазақстанда да, Орталық Азияда да жоғары технологиялық өнімге өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігі тұмақ.

– Samsung Electronics электроника саласындағы көпжылдық технологиялық көшбасшы болып танылысымен, ең жаңа технология мен бірегей пайдаланушы тәжірибесін топтап, өз тұтынушысына барынша жақын болуға ұмтылады. Қазақстанда өндірістің бастау алуы біздің компания үшін маңызды рөл атқарады. Бұл біздің өніміміздің жергілікті нарық үшін қолжетімділігін арттыруға теңдессіз мүмкіндік сыйлайды, – деп атап өтті Samsung Electronics Орталық Еуразия Президенті Джонг Юджин ханым.

Өндірісті оқшаулау өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамытып, жаңа жұмыс орындарын құруға игі ықпал ететін болады.

– Бұл ынтымақтастық біздің кәсіпорын үшін әрі тұтастай алғанда Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы үшін жаңа



мүмкіндіктер қатарын ашады. Samsung Electronics компаниясымен бірлесіп, біз қазақстандық тұтынушылар үшін қолжетімді бағамен әлемдік деңгейдегі өнімдерді ұсынамыз, – деді Silk Road Electronics зауытының директоры Александр Критский.

Жоба өнеркәсіпті дамыту қорының қолдауымен жүзеге асырылды. Өндірістік желіні іске қосу 2025 жылдың екінші тоқсанына жоспарланған. Ал, тұтынушылар келесі жылдың екінші жартыжылдығында қазақстандық өндірістері Samsung теледидарларын сатып ала алады. Бұл игі баста-

ҚУАТТЫ ӨҢІР



Суреттер ишкік деректен

ма өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып, аймақтық технологиялық көшбасшылық жолындағы маңызды қадам деп бағамдарлық. Silk Road Electronics пен Samsung Electronics компанияларының бірлескен жұмысы арқылы, елдің индустриалдық инфрақұрылымы нығайып, жоғары технологиялық өнімдердің жергілікті өндірісі өрістеді.

Құттықтаймыз!



Семей өңірінің тумасы 1945 жылы соғыстың бітуіне тілекші болып дүниеге келген Карлыгаш Бекенқызы ҚУСПАНОВА бүгінде 13 қаңтар 2025 жылы 80 жасқа толып отыр, шын жүректен құттықтаймыз.

Кемелденген шағында 1983 жылы жолдасы Жеңісқали екеуі қасиетті Қарқаралыға қоныс аударды. Жеңісқали аудандық аурухананың бас хирургі.

Аудандық тіл басқармасында бас маман болып қызмет атқарғанда өз ісіне адал да алғыр тапсырылған істі жан-тәнімен атқаруға әрқашан тырысты.

Аудандық тіл басқармасында бас маман болып қызмет атқарғанда өз ісіне адал да алғыр тапсырылған істі жан-тәнімен атқаруға әрқашан тырысты.

Қарлыгаш бүгінде немере-шөберенің сүйікті әжесі. Сенің атыңды ата-анаң лайықтап қойған.

Жалғап жолын бүгінге тектілердің, Өзіңменен өркендеп екпін елдің.

Туған жердің тебіреніп тасы қалған, Шалқар шабыт күтеді асу алдан.

Достары: Ғазиз-Қарлыгаш, Құралай, Ира, Дүйсен-Бақыт, Тілек-Роза, Өркен, Раушан.

Қарағанды қаласы №4

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55 Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Басымдық – қызмет сапасында

Денсаулық сақтау – ұлт әл-ауқатының негізі әрі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды көрсеткіші.

Денсаулық сақтаудың тиімділігі көбінесе қызметкерлердің білімін, дағдыларын және мотивациясын қоса алғанда, кадрлардың дамуымен айқындалады.

Облыста 15 710 медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде 5 мыңнан астам дәрігер және 10 мың орта медицина маманы бар.

Әлеуметтік қолдау шеңберінде көтерме жәрдемақылар, қызметтік тұрғын үй және ипотекалық несиелер беріледі.

Біліктілікті арттыру үшін биыл 300 млн теңге бөлінді. 106 дәрігер шетелде оқып келді, соның арқасында жоғары технологиялық емдеу әдістерін енгізу мүмкіндігі пайда болды.

Сонымен қатар, кадр тапшылығын жою үшін жыл сайын білім беру гранттары бөлінеді. Мәселен, 2024 жылы 569 млн теңгеге 93 грант бөлінді.

Биыл алғаш рет «бакалавр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін облыс әкімінің білім беру грантын ұсыну жоспарлануда.

Жалпы практика дәрігерлерінің тапшылығын шешу үшін орта медициналық персонал қосымша оқалеттіктер беріле отырып, «Қолданбалы бакалавриат» бағдарламасы бойынша оқытылады.

Медицина қызметкерлеріміз республикалық деңгейде жоғары бағаланып отырғанын да айтып өтуіміз керек.

Медициналық ұйымдарда материалдық-техникалық базаны жетілдіру және қолайлы жағдайлар жасау – медициналық қызмет көрсету сапасын арттырудың маңызды факторы.

Былтыр ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту шеңберінде ауылдық жерлерде 21 медициналық нысан салынды, тағы 27 нысанда беру қарастырылуда.

на мекемесі салынбақ.

Теміртау мен Балқаш қалаларында екі ауданаралық аурухана жаңғыртылды.

Онкологиялық аурулары бар пациенттерге қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасуда.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауының арқасында Нalcyon моделінің желілік үдеткіші орнатылды.

19 бірлік қымбат жабдық сатып алынды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының жобалары аясында 1 млрд теңге сомасына 3 бағдарлама іске асырылды.

Мед365 жобасы аясында 35 ауылдық жерде медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсарту үшін Digital Med 365-тің 40 мобильді кешені енгізілді.

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасын дамытуға ерекше назар аударамыз. Балалар хирургиясы мен травматологиясы үшін нейрохирургиялық қызметке арналған жаңа жабдық сатып алынды.

Бұл күрделі нейрохирургиялық операцияларды жүргізуге, сондай-ақ, балалар отоларингологиясына қолжарлық имплантацияны енгізуге мүмкіндік берді.

Инсульт және жіті миокард инфарктісі кезінде медициналық көмектің қолжетімділігі проблемаларын шешу үшін біз ТАКА-орталықтар мен инсульт орталықтары желісін белсенді дамытып жатырмыз.

Сонымен қатар, «Ақжан» клиникасында заманауи ангиограф және компьютерлік томографпен жабдықталған ІІІ деңгейдегі 25 төсек орындық инсульт орталығы ашылды.



Істейді. Инсульт орталықтарының желісі аудандардан бастап, облыс орталықтарына дейін кеңейтілді.

Тағы бір маңызды бағыт – жедел жәрдем жұмысын ұйымдастыру, пациенттерге шұғыл мамандандырылған көмек көрсету.

Откен жылы ауқымды скринингтік бағдарламалар жүргізілді, соның арқасында ерте кездерде 20 мыңнан астам ауру анықталғанын атап өткен жөн.

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін Үздік тәжірибелер орталықтары арқылы жандандырылатын алғашқы медициналық-санитарлық көмек белсенділендірілді.

Жыл қорытындысы бойынша біз облыс халқының денсаулық көрсеткіштеріндегі біршама өзгерістерге қол жеткіздік.

Онкология саласында 192 465 адамды қамтыған скринингтік зерттеулер жүргізілді (жоспардың 100,3%-ы).

Былтыр 14 636 бала дүниеге келді. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға аз.

Медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА, Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы

• БРИФИНГ

Қауіпсіздік мәдениетін қаперде ұстаныз

Жаңа жыл келісімен өңір аумағында 7 өрт ошағы тіркелген. Салдарынан бір адам қаза тапқан.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Яғни, халықты хабардар етудегі жұмыстың жүйелі екендігін аңғартатындай.

публикация айлығы өткізілді. Бұл туралы толығырақ өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында облыстық төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Нұрлан Жакыпбаев мәлімдеді.

– Биылға жаппай мерекелік шараларды өткізу орындарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдайлар департаменті ұйымдасты-

рушылық профилактикалық амалдар кешенін өткізді. Салалық департамент жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аудандық, қалалық және облыстық маңызды бар жаңа жылдық мәдени бұқаралық іс-шараларды өткізуге белгіленген нысандар тізімін жасайды.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алаңында мейрамханалар, қалың клубтар мен ойын-сауық ұйымдар иелерінің қатысуымен тақырыптық дөңгелек үстелдер өткен.

2663 адамды қамтумен 64 арнаулы жиын өткізілген. Қауіпсіздік ережелерін сақтау тұрғысынан автокөлік тұрақтары мен көлікке қызмет көрсету ұйымдары өкілдерімен кездесулер легі өткізілді.

жоғары. Өз кезегінде спикер облыстық тұрғындарын өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтауға үндеді.

ӨНЕР ӨРІСІ

«Қазақтың бұлбұлы» келе жатыр

15 қаңтар күні Кеншілер мәдениет сарайының сахнасында Қазақстан Республикасы мен КСРО Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Бибігүл Төлегенованың 95 жасқа толуына орай шығармашылығына арналған «Бұлбұл үнді Бибігүл» атты гала-концерт өтеді.



«Бибігүл Ахметқызының 95 жылдық мерейтойын мерекелеу – маңызы жоғары оқиғалардың бірі. Халық артисінің әлі күнге дейін елімізде және шет елдерде шығармашылығын сүйетін миллиондаған тыңдарманы бар. Ол – қазақ халық музыкасы мен Қазақстан композиторларының шығармашылығын дамытуға және насихаттауға сүбелі үлес қосқан тұлға. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы ретінде Бибігүл Ахметқызы бірқатар елімізде белгілі опера әншілерін тәрбиеледі. Оның бүкіл өмірі киелі сахна мен ғазиз халқына арналған, – деп атап өтті гала-концертті ұйымдастырушылар.

Бұл кеште аты аңызға айналған әншінің шығармашылығында орны бар, елдің жүрегіне жол тапқан белгілі әндер шықалады.

Қазақ эстрадасының белді өкілдері Толқын Забиров, Азамат Жылтырқозов, Талғат Мұсабаев, Медет Шотабаев қатысады.

Концерт сағат 16:00-де басталады. Кіру тегін. Өз тілшімізден

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП»

Тәкенді оқып, Жүмекенді жаттаймыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясының қорытындысы жасалды. Сонымен қатар, биыл қандай авторлар дәріптелетіні таңдалды.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»


Кітап оқуды дәріптейтін ауқымды акция елімізде 2007 жылдан бері өтіп келеді. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығы ұйымдастырады.

Акцияның мақсаты айқын. Акция қазақ әдебиетін насихаттауды, кітап оқуға қызығушылықты арттыруды көздейді.

Қорытынды жиында былтырғы жыл түйінделді. Мәселен, акция аясында түрлі форматтағы мыңдаған кездесу, көрмелер, жаңа технологиялық ақпарат көздері арқылы виртуалды көрмелер, сайттар, челленджер, байқаулар ұйымдастырылып, миллиондаған аудитория қамтылған.

2007 жылы Абай Құнанбайұлының кара сөздерін оқытып бастаған акция осы уақытқа дейін ең таңдаулы 51 классик ақын, жазушының шығармаларын насихаттапты. Мәселен, былтыр балалар әдебиетінің классигі, 100 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен Бердібек Соқпақбаевтың кітаптары оқылған еді.

Қорытынды жиынға онлайн форматта барлық облыстық кітапханалар қатысқан. Ұлттық Академиялық кітапхананың басшысы Ғазиза Құдайбергекқызы мен жазушы Асқар Алтай, әдебиеттанушы Амангелді Кеңшілікұлы, ақын Дәулеткерей Кәпұлы, ақын, «Ана тілі» газетінің бас редакторы Ерлан Жүніс секілді



елімізге белгілі азаматтар – акцияның тұрақты комиссиясы.

Биыл Қазақстан оқырмандары проза жанры бойынша ұлтмыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы Тәкен Әлімқұловты, ал поэзияда Мемлекеттік сыйлықтың иегері, классик ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмекен Нәжімеденовті оқиды.

– Биылғы таңдалған екі автор да қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан қабырғалы қаламгерлер. Тәкен Әлімқұлов проза жанрында ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасымен соңына мол мұра қалдырды.

Ал, Жүмекен Нәжімеденовтің еліміздің Әнұранның авторы екенін айтсақ та жеткілікті. Оның үстіне,

Жүмекен поэзиясы тереңдіктің символы ретінде қазақтың жүрегінен баяғыда орын алып үлгерген. Одан бөлек, Т.Әлімқұлов Қасым Аманжоловтың досы болса, Жүмекен шығармашылығын Қарағанды шахтасында бастаған. Демек, екеуі де Қарағандыға бөтен емес, – дейді Гоголь атындағы әмбебап кітапхана қызметкері Еркебұлан Елеусізұлы.

ХОККЕЙ

Бір жеңіліс, бір жеңіс

Хоккейден биылғы Қазақстан чемпионаты қарағандылық «Сарыарқа» клубы үшін оңайға соғып тұрған жоқ. Әуелде спорт сарапшылары дәл осы «Сарыарқаны» «чемпионат фавориті» деп санаған. Себебі, осы маусымда кеншілер шафарының ұжымы Қарағанды хоккей мектебінің талантты ойыншыларын қатарға қабылдаған. Сол ойыншылар Ұлттық құрамаға да шақыртылды. Бұл ойыншылардың жоғары деңгейде өнер көрсете алатынын дәлелдейді. Әзірге үміт ақталып тұрған жоқ. Жерлестеріміз кестенің төртінші сатысынан көтерілген жоқ. Чемпионат басталғанда үздік үштікте еді. Рудный қаласына қонаққа барып, «Горняк» командасымен 9-10 қаңтарда екі матч өткізді. Екеуі де оңайға соққан жоқ.



Суретшілік дереккөзінен

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Горняк» аренадағы бірінші ойында «Сарыарқа» 2:3 есебімен жеңіске жетті. Бірінші кезеңде-ақ алаң иелері матчтың тағдырын шешіп тастағандай болды. Екі шайбаны қатарынан тоғытты қонақтардың қақпасына. Жергілікті жанкүйерлер жерлестерінің жеңісіне сенімді болды. Бірақ, бірінші кезеңнің соңында қараған-

дылықтар бір гол соғып, ойынның шайраын келтірді.

Екінші кезеңде «Сарыарқа» шабуылшылары ойын ырғағын тауып, қарсылас қақпасына шайба жаудырды. Алыстан бағытталған соққылар көп. Кирилл Пономарев пен Тимур Шингарев және Филипп Кнауб гол авторлары атанып, командасын жеңіске жеткізді. Сөйтіп, қонақтар алаң иелеріне камбэк жасады.

Ал, екінші ойын ойдағыдай болмады.

Қарымта ойынның бірінші кезеңінде «Сарыарқа» шабуылшысы Александр Борисович есеп ашқан еді. Бірақ, бұған алаң иелері екі голмен жауап берді. Екінші кезеңде «Горняк» есепті 3:1-ге жеткізді. Бірақ, «Сарыарқа» ұзақ күттірмей есеп айырмасын қысқартты. Қорытынды кезеңде қарағандылық қырандар есепті теңестірді шабуылды төпелетіп жүріп. Тағы да бір камбэк жасауға қаншама мүмкіндік болды. Бұл жолы шабуылшыларға сәттілік те, дәлдік те жетіспеді. Негізгі уақыт 3:3 есебімен аяқталды.

Тартысқа толы матчтың тағдыры овертаймда шешілді. Қосымша уақытқа тың күшпен шыққан қарсылас бет қаратқан жоқ. Спортта қонақ деген жоқ. Алаң иелері соңғы минуттарда жеңіс голын соғып, өз жанкүйерлерінің төбесін көкке жеткізді.

«Рудный» чемпионат кестесінде бесінші болып тұр.

«Сарыарқа» шабуылшысы Филипп Кнауб екі ойынға қатысты пікірін білдірді.

– Өте қиын ойындар болды. Гол көп. Жанкүйерлерге мұндай тартысты ойын ұнады деп ойлаймын. Қарсылас екінші ойында бізден барлық жағынан басым болғанын мойындаймын. Физикалық тұрғыдан біршама қиындықтар туындады. Аяғына дейін ойнаған матчтар әбден шаршатады, – деді Филипп Кнауб.

«Сарыарқаның» жаттықтырушысы Владимир Князев те спорт тілшілеріне берген арнайы сұхбатында жеңіліске нақты не себеп болғанын айтты.

– Мүз үстінде ойыншылардың тәртібі нашарлау болды. Тәртіпті көп бұзып, бірнеше рет бір ойыншыға кем ойнадық. Қарсылас мұндайды құр жібермейді. Ешкім өз алаңында, жанкүйерлерінің алдында жеңілгісі келмеді, – деді Владимир Князев.

«Сарыарқа» жанкүйерлері үшін жағымды жаңалық та бар. Өткен аптада плей-офф командаларының тізімі белгілі болды. «Сарыарқа» плей-оффта!

ЖӘДІГЕР

Құсбегінің құнды мұрасы

Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінде де назар аударарлық жәдігерлер көп. Көне ғасырлардың көзіндей қорымдардан табылған жәдігерлерден бөлек, мұнда осы ғасырда дәстүрлі саятшылықты дамытып, дәріптеп жүрген құсбегілердің тапсырған заттары баршылық.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Арқадағы дәстүрлі құсбегілік мәдениетін жаңғыртушы, құсбегі, саятшы, өлкетанушы Тілеукабыл Есенбекұлының қанжары мен бүркітінің томағасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Қанжардың ұзындығы – 23,7 см, жүзі – 12,5 см, ені – 2,5 см. Басы болаттан соғылған, біржүзді, қимасы төртбұрыш түрінде. Сабы мүйізден жасалған. Сабының төменгі жағы екі нықша түрінде кеңейген, басы да кеңейтіліп жасалған.

Қыны ағаштан жасалып, екі бөліктен тұратын ернеуі жез пластинкамен құрсаулаып, шегелермен бекітілген. Оның ұштығы жезден жасалған. Қынның теріден жасалған құрсауына қайыстан ілмек тігілген.

Қыранның томағасын да Тілеукабыл Есенбекұлы тапсырған. Бір кезде қыранының басына кигізген. Музейдің қор сақтаушы маманы Бархыт Байманова «мұндай жәдігерлерді дәстүрлі саятшылықты дәріптеу мақсатында қорға қылмаймыз», – дейді.

– Бүркітті баптап, баулу үшін оның бала-шаға, итке, құсқа, қызылға ұмтыла бермеуі және жақындағанды шап беріп бұру қауіпінен сақтану үшін томағалауға арналған. Томаға кигізгенде қолдағы бүркіт өз төңірегіндегі қызылды-жасылдан оқшауланады. Ата дәстүріміздің сақталуы үшін музей осындай жәдігерлерге басамән береді, – деді Бархыт Байманова.

Суреттер Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінен

ORTALYQ QAZAQSTAN. Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет. Құрылтайшысы: облыс әкімдігі. МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС. Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА. Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК. Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН. Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ. Жауапты хатшы Ж.Қ. ШАЛҚАР.

Телефондар: Бас редактор: 43-38-53. Бас редактордың орынбасары: 43-58-08. Интернет-редакция редакторы: 43-38-33. Жауапты хатшы: 43-49-72. Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70. Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50. Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru. Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ. Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131. БИК КС.ІВ.КЗХХ БИН 000840001412. Таралымы 4 638. №4 тапсырыс. Индекс 65484. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша. «Тіография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ.